

Р.С.Чекетаева¹, Ж.С.Курманова² Ж.С., Д.Л.Шакерова³

¹*т.ғ.к., аға оқытушы.,*

²*ф.ғ.к., аға оқытушы.,*

³*аға оқытушы., лаборатория меңгерушісі, «БАҰО «Өрлеу» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Өскемен қ., Қазақстан*

ФАРАБИ МЕН АБАЙ ІЛІМДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ҮНДЕСІМ

Аңдатпа

XX ғасырда әл-Фараби мен Абай мұрасын зерттеу, ең алдымен, марксистік парадигма мен әдістеме аясында жүргізілді. 2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы Жарлыққа қол қойды. Оның туындылары XXI ғасырда да заманауи әрі өзекті болып қала беретініні бәрімізге мәлім. Мақалада Фараби мен Абайдай қос алыпты бірлікте зерттеу мәселесі қарастырылған. Олардың ілімдеріндегі тарихи үндесім зерделеніп, еңбектеріндегі сабақтастыққа баға берілді. Ұлттық идея тұрғысынан шығармаларының құндылықтары, Әл-Фараби мен Абай өсиеттері бүгінгі күнмен байланыстырыла талданды. Бұл мақаланың мақсаты ұлы гуманист, демократ ғалым ретінде әл-Фараби мен Абайдың тарихи көзқарстарының қалыптасуын жүйелі және терең зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: ойшыл, философ, ұстаз, қарасөз, дін, табиғат, мемлекет.

R.S.Cheketayeva¹, Zh.S.Kurmanova², D.L.Chakerova³

1 Candidate of Historical Sciences, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "National Center" Orleu ",

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

2 Candidate of philology, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "NCPD" Orleu ",

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

3 Senior teacher, Institute for Continuing Education of Teachers of the East Kazakhstan Region, a branch of JSC "NCPD" Orleu ",

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

HISTORICAL CONNECTION IN THE THOUGHTS OF FARABI AND ABAY

Abstract

Earlier in the twentieth century, the study of the heritage of al-Farabi and Abay was conducted primarily within the framework of the Marxist paradigm and methodology. On may 30, 2019, President of the Republic of Kazakhstan K. K. Tokayev signed a decree on the celebration of the 175 th anniversary of the birth of the great Abai, whose works continue to be modern and relevant in the XXI century. The article is devoted to the study of the heritage of the two giants Farabi and Abai. The historical harmony of their teachings was studied and the continuity of their work was evaluated. From the point of view of the national idea of the value of works, the Testaments of al-Farabi and Abai are analyzed from the present day. The main purpose of this article is to systematically and in-depth study of the sources of formation of historical views of al-Farabi and Abay as a great humanist, democratic scientist, as well as the features of historicism of creative thinkers.

Key words: thinker, philosopher, teacher, words of edification, religion, nature, state.

¹Кандидат исторических наук, Институт повышения квалификации педагогических кадров
Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу»,
Усть-Каменогорск, Казахстан

² кандидат филологических наук, Институт повышения квалификации педагогических кадров
Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу»,
Усть-Каменогорск, Казахстан

³ старший преподаватель, Институт повышения квалификации педагогических кадров
Восточно-Казахстанской области, филиал АО «НЦПК «Өрлеу»,
Усть-Каменогорск, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ СВЯЗЬ В МЫСЛЯХ ФАРАБИ И АБАЯ

Аннотация

Раньше на XX веке изучение наследия Аль-Фараби и Абая велось, прежде всего, в рамках марксистской парадигмы и методологии. 30 мая 2019 года Президент Республики Казахстан К.К. Токаев подписал указ о праздновании 175-летнего юбилея со дня рождения великого Абая, произведения которого продолжают оставаться современными и актуальными и в XXI веке. Статья посвящена изучению наследия двух гигантов Фараби и Абая. Была изучена историческая гармония их учений и оценена преемственность их работ. С точки зрения национальной идеи ценности произведений, заветы Аль-Фараби и Абая анализируются с сегодняшним днем. Основной целью настоящей статьи является систематическое и углубленное изучение источников формирования исторических взглядов Аль-Фараби и Абая как великого-гуманиста, ученого-демократа, а также особенностей историзма творчества мыслителей.

Ключевые слова: мыслитель, философ, учитель, слова назидания, религия, природа, государство.

Әлемдегі әйгілі ұлттар секілді қазақ ұлтының да қоғамдық ақыл-ойын, сана-сезімін, парасат-пайымын әлемдік деңгейге көтеріп, дүниежүзілік өркениетті қауымдастықты өзімен есептесуге мәжбүр ететін тарих сахнасына Фараби, Абайдай ұлы тұлғалар легін әкелді. Әл-Фараби мен Абай арасын байланыстыру, жақындастыру, оларды сабақтастыру, қазақ халқының мың жылдық мәдени-рухани дүниесін қайта жандандыру. Әл-Фараби мен Абайды жеке-жеке тануда едәуір істер істелді. Бірақ екеуінің мұрасын сабақтастықта қараудың кемшін қалған тұстары баршылық.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Т.Бурбаев: «Қазақтың топырағы данышпан-ғұламаларға толы екені белгілі. Сонау Анахарсиден бастап әл-Фараби, Абайға дейінгі, одан қалды Ахмет Байтұрсыновтан күні бүгінге дейінгі заманды ой елегінен өткізер болсақ, біртұтас ұлылар мен данышпандардың галереясын көз алдыға елестетуге болар еді» [1]. Әрине, аталған есімдердің тарихи салмақтары, көзқарастары әр түрлі екені белгілі. Екі ойшылдың шығармаларына назар аударсақ, даналық ой-толғамдары әр түрлі сөзбен жеткізілсе де, айтар ойлары, ұлттық идея тұрғысынан көздеген мақсаттары бір. Ғалым Ә.Марғұланның «Абай мен әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады», - дегені соның дәлелі сияқты. Кеңес дәуірінің кертартпа саясатынан екеуінің мұрасы толыққанды зерттеліп бітпеді деседі болады. Әл-Фараби мұрасын келесі ұрпаққа мүмкіндігінше жеткізе білген Ақжан Машанов болса, Абайдың ойлары мен мұраттарын барынша талдай алған Мұхтар Әуезов еді. Олардың өзіндік позициясының, өз үнінің, өз ойының барлығы екі дананың шығармашылық мұрасын бүгінгі күнге жеткізуі қадамдарының бірі деп бағалауымыз керек. Әрине М.Әуезов пен А.Машановтан да басқа қалам тартқан ғалымдар баршылық.

Әл-Фараби мен Абайдың өзара өзектестігі мен сабақтастығын іздейтін болсақ, әуелі Фарабидің дүниетанымының, шығармашылық мұрасының негіздеріне қайта оралуымыз қажет. Сол негіздерді Абайдың дүниетанымымен, шығармашылығымен салыстырып қарастырсақ қана екі ойшылдың мұраларының ұлттық құндылығын үндестігін, сабақтастығын табамыз. «Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп түсіну керек. Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұратын ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз. Бірақ оның барын анық сезсек те, оны көруден әлі шалғай жатырмыз» [3, 71 б] - дейді А.Машанов.

Әл-Фараби мен Абай мәселесімен айналысқан Ақжан Машанов екі ойшылдың арасын тарихи сабақтастықпен жалғастырушы Шахабутдин Маржани деген пікірін келтіреді. Ш.Маржани әл-Фарабидің философия, музыка, жаратылыстану ғылымдары туралы трактаттарымен таныс болған, Абай Маржаниді көп оқыған, ал Абайға Маржанидің шәкірттері Семей медресінде дәріс бергендігін жазып кеткен [3, 83 б.].

Ғалияны тамамдаған Мағжан Жұмабаевтың 1920 жылғы «Түркістан» поэмасындағы «Түріктің кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын» деген жолдар:

Түріктің кім кемітер музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын.
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып кім тимаған көздің жасын?!

Демек Қазан, Уфа оқуын бітірген молдалар Семей мен Қарқаралыдағы Құнанбай мешіттерінде балалар оқытты. Онда Абай да, Шәкәрім де оқыған. Сол жолы Қазан-Уфа сапарында ол Абай әл-Фараби есімін ғана естіп қоймай, еңбегімен танысқан деген ой толғап қайтқан. Кейін оған Шәкәрім қажының үлкен ұлы Ахат ақсақалдың «әл-Фарабиды оқыған, тәлім алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай жүрсің бұл қалай?» [4] - деген базыналық сауалына да тап болады. Бұл 1978 жылы 8 маусым күні Алматыда өткен мәдени мұраларды қорғау жиналысында қапталдас отырған Ахат ақсақалдың дәптердің бетінен жыртып алынған қиынды қағазға араб әрпімен жазған хаты еді. Оны Ақжан аға қастерлеп қойын дәптерінің арасында сақтаған.

Сабақтастықтың өзара үйлескен негіздері бар. Атап кетсек, әл-Фараби мен Абайдың рухани жетілуді адам дамуының негізгі мәні деп таныған. Руханилыққа апаратын жол – дінде, имандылық жолы деп қарастырған. Бұл дүниетанымдық негіз олардың бойында ертеден қалыптасқан. Әл-Фараби мен Абайды мұраларының ішінде етене жақыны – олардың діни-философиялық көзқарастары [5]. Фарабидің ойынша Аристотельден басталған рационал шындық және Құранның хадистерінде көрсетілген діни, нақыли шындық бар. Бұл екі шындық өзара үйлеседі, біріне бірі қайшы келмейді. Сондықтанда әмбебап ғалым әл-Фарабидің даналық негізі хакім Абайдың да бойында болғандығы, кейіннен басқада философиялық ойлар қосылып, жетілгені сөзсіз. «Өмірдің өзі шындық», - деген Абайдың тамаша қағидасы дәлел.

Әл-Фарабидің «Табиғат ғылымының жоғарғы асыл тегі» [6] деген еңбегінде мынадай бір сөз жазылған. Мұхаммад Расул Алланың қасында жүретін Жабр бин Ғабдолла атты бір сахабасы сұраса керек: «Иә расул Аллах! Таңірің ең бірінші жаратқан не нәрсе?» - деп. Оған Мұхаммад расул Аллах айтқан: «Иә Жабр! Алланың ең бірінші жаратқаны сенің пайғамбарыңның нұры». — деген. Осы бір ауыз хадис бүкіл ғаламның кілті болып табылады. Осыдан кейін расул Аллаһты ислам елі Нұрмұхамад атаған». Ғалымның алғашқы нұрына, оның дамуына арналған Әл-Фарабидің еңбегін әл-Машани «Космология» деп атады [7]. «Тәңірі жаратқан ғаламының ту басынан бастап, Құран аяттарына, хадистарға және өзінен бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне, өзінің өлшеу, бақылауларына сүйене отырып жазылған бұл еңбек табиғаттану ғылымының негізі болып табылады», - деп баға берген. КСРО тұсында әл-Фараби еңбектерін аударуда, талдағанда атеистік ықпалмен бұрмаланған еді. Оның Құранға сүйеніп жазған діни еңбектерін, мысалы «Космологиясын» шығарттырмай қойған. Фараби да, Абай да Құранды ислам дінінің діни кітабы деп қана қарамай, кітаптан көптеген ғылымға жол ашатын қағидалардың ғылыми негіздерін көре білген.

Сонымен қатар Фарабидің дінге қатысында қызықтыратын мәселелердің бірі - дін бақытқа жету үшін қызмет ету керек. Әрқилы қайырымды қалалар мен халықтардың әр түрлі діни болуы мүмкін екенін және олар бәріде бір бақытқа сенеді және де бірі мақсатқа ұмтылады деді.

Әл-Фараби де, Абай да «жақсылық та - Құдайдан, жамандық та - Құдайдан» деген қағидамен келіспеген деп айтуға болады. Фараби өзінің «Жұлдыз бойынша болжаулардың анығы мен танығы» атты трактатында дүниеде белгісіз кездейсоқ құбылыстар мен жәйттар бар екенін негіздейді. «Егер дүниеде беймәлім кездейсоқ құбылыстар болмаса, онда қорқыныш құрып, үміт үзілер еді, ал бұлар құрыса, онда не адамның әрекетінде, не заңдылықта, не саясатта береке болмас еді. Өйткені егер қорқыныш пен үміт болмаса, ешкім ертенін ойламас еді, бағынышты басшысына бағынбас еді, ал басшысы бағыныштыларына қамқорлық жасамас еді, біреу біреуге рақым қылмас еді, Аллаға құлшылық құрар еді, тақуалық болмас еді» [3, 43 б]. - деген. Осы сарындас Абайдың жиырма сегізінші сөзінен кездестіреміз: «Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неде болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жақсылық, жамандықты жаратқан Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсақ болар, әйтпесе жоқ» [8]. Адамның бақытсыздығын біреуге артуға болмайтының, әркім өзінің өмірі үшін жауапты екенін түсіндірумен болған.

Әл-Фараби де, Абай да Алла тағаланың барлығына шүбә келтірмейді. Екеуі де Құдай – дүниені бар етуші, тірлік-тыныс беруші, бастапқы түпкі себеп деп қарастырады. Абай тек жер бетіндегі тіршіліктің Алланың әмірімен қазіргі қалыпқа түскенін тұжырымдаса, әл-Фараби бүкіл әлемді жалпы кеңістік-уақыт ауқымында қарастырып, Құдайдың құдыретімен қалай, неден пайда болғанын негіздеуге ұмтылады. Абай отыз сегізінші сөзінде бұл жөнінде былай деп жазады: «Құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан ақылды адамзатты жаратыпты». Абай ойыда әл-Фарабидің жаратушы туралы түсінігімен сабақтасады.

Әл-Фараби, Абай және ұлттық идея деген тіркес жайлы әр түрлі пікірлер бар. Себебі Абай шығармаларында «ұлт», «ұлттық идея» деген сөздерді кезіктірмейміз [9]. Бұл сөз тіркестері қазыргы таңда жиі айтылады. Дегенмен екі дананың даналығы сонда олардың айтқандары әлі заманауи, құндылығын жойған жоқ. Мысалы, Қазақстан халқы ассамблеясында Мәңгілік Ел патриоттық актісі жарияланса [10], қазір жалпы білім беру стандартында да «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы кіріктірілген. «Мәңгілік Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұратыны бәрімізге белгілі. Біріншісі, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі Ел» манифесінің жариялануы. Екіншісі, әл-Фарабидің философиялық шығармаларында, әсіресе «Қайрымды қала» шығармасында [11] «Мәңгілік ел» идеясының теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделуін қарастырады. Үшіншісі, Жүсіп Баласағұндың осы идеяның іс жүзіне асуын қамтамасыз ететін «Құтты Білік» дастанын жазды. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты «Мәңгілік Ел» идеямен сабақтасады [12].

Абай 39-шы қара сөзінде ата-бабаларымыздың білімін өз заманымен салыстыра, сынға ала жазады. Дегенмен ары қарай бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екендігі «Рас», - деп жазды. Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болған екен. Көш-қонды, дау-жанжалды ел басылардың шешімі, бітімі билік ететінін жазып кеткен.

Екінші жағымды мінезі – намысқорлық екеніне ерекше мән берді. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады [13]. Қазақ халқының мифологиясында аруақтүсінігі бар екені бәрімізге белгілі. Қазақ халқы және көнедегі түркі тайпаларының басымы адамның жаны мәңгілік, тек тәні ғана өледі деп білген. Осы жерде хакім Абайдың «Мені мен менікінің айрылғанын, Өлді деп ат қойыпты өңшен білмес», - деп адам рухының мәңгі жасайтындығын айтады.

Абай хакімнің айтып отырған екі қасиеті қазақ ұлтына тән қасиет. Халық түгелімен ел басына бағынған, мемлекетті басқарған қайраткерге, ханға толық билікті берген. Халықты жақсылықта да, жамандықта да тығырықтан алып шығатын ел басын тыңдаған, бұйрығын орындаған. Ел басқарған адам мемлекеттің күшті болуына, халықты бірлікте ұстауға міндетті болған. Абай қарасөздерінің идеясында да «Мәңгілік Ел» жатыр. Абайдың ата-бабаларымыз жайлы айтқан екінші қасиеті – жеке мемлекет болғанда қазақтың ешкімге намысын жібермегендігін, елдің бірлігі күшті болғандығына негіздеген. Аруақ шақырғанда, мемлекетті қорғауға барлық қазақтың күш салатынын еді, - деген идея жатыр. 41-сөзінде қазаққа ақыл беремін, түзеймін деген кісі әуелі – өкімет, қолында жарлығы бар кісі болуы керек дейді [8, 107 б.]. Тарихқа көз жүгіртсек – Ресей басқыншылары мындаған жылдық тарихы бар іргелі қазақ елін бодан етіп, еркін билеп-төстеу үшін оның рухани тұтастығын ірітуде, өткеніне балта шабуды, тілін, әдет-ғұрпын, дінін, салт-дәстүрін, билігін жоюды мақсат етті. Азып-тозған, жадынан айырылған халықты айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу оңай деп білді. Патшалық Ресей жұртшылықтың қанын теспей сорды. Наразылық білдірген жергілікті ұлт өкілдерін аяусыз жазалап отырды. Кенесарылардың жеңілгенін, қарсы шықса қанша шығын болатынын түгел дерлік сезді. Ол патшалық Ресейге қарсы қолына қару алып, майдан ашып күрес демейді. Бейбіт жолды насихаттайды. Отарлықтан құтылудың жолы ретінде білім-ғылым, еңбекті көрді.

Абайдың көпшілік қарасөздері еңбек етуге шақырады. 4-ші сөзінде «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сиынып, екінші өз қайратына сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды» [8, 14 б], - деген. Бұл жергілікті мәдениеттің тамыры тереңге кететін салттары ғана емес, «мал таптың, байдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзіңе табылмаса балаң тапсын» [8, 25 б], - деп тағы білім-ғылымға шақырады. Абайдың еңбекті, білімді насихаттауы Мемлекетіміздің «Мәңгілік Ел» құндылықтарының ішінде «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығымен сабақтасады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [14] мақаласында Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын қайта зерделеу қажеттігін баса айтты. Бұл жерде Фарабидің адамның кемелдену тұжырымдамасынан бастаған дұрыс деп ойлаймын. Фараби адам гармониясының негізгі мәні - оның көпжақты тұтастығы, мәдениет гармониясының тұтастығы екендігін көрсеткен. «Адамның қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» - деген. Ол осындай әрекет жасамай тұрып рақымды бола алмайды, өйткені кемелдену оның алған қасиеті салдарынан әрекет көрсетуінде емес, әрекетті орындауында [15]. Адамгершіліктің тепе теңдігі, қоғамдық өмірдегі үйлесімнің сақталуына тоқталған. Әл-Фараби адамның ашқарақтығы нағыз ғылымның жауы екендігін жақсы түсінді. Ол ғылымның игілікті мақсаты табиғаттың тамаша жомарт, әрі даналық құпиясын тану деп білді. Оның ойынша ғылым ақиқатына тек қана ұяты таза, ақ пейіл адам ғана жетеді деп ойлады. Тек осындай адам ғана шығармашылық ләззатын тауып, бақытқа жетпек деді.

Әл-Фарабидің айтуынша адам өзінің жетілу жолында «адамдықтың баспалдығынан» өтеді деген. Оның үш жолы бар: бірінші – потенциалды ақыл-ой, екінші – игерілген ақыл-ой, үшінші күшті ақыл-ой. Сонымен қатар әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында «Қайрат. Ақыл. Жүрек» секілді ұғымдарға түсінік берген. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұлда басты мүше, бірақ оның үстемдігі бірінші емес» [16], - дейді. Әл-Фараби жүрекке шешуші мән берген, оның идеялары Абайдың 17-ші қара сөзінде жалғасын тапқан сияқты. Абайдың «Толық адам» ілімінің негізі түркі әлемінің дүниетанымында жатыр. Абай «Қайрат. Ақыл. Жүрек» үшеуінің айтыс-тартысына шешім айтуды ғылымға жүгіндіреді. Ғылым «Үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет... Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» [8, 35 б], - депті. Абай адамның кемелденуінің ішкі және сыртқы себептерін көрсеткен. Туған беттегі қасиеті баланың анасының құрсағында жатқандағы жағдайы және оның ата-тегіне байланысты дейді. Ал туғаннан кейінгі келешек өмірі оны қоршаған ортасы, алған білімі адамның дамуына әсер ететін сыртқы себептер деген екен. Ал жетілудің ішкі себебі - жүректің әсері деген.

«Табиғат тәрбиеге қарсы» пікірі бүгінгі күндегі даулы мәселелердің бірі. Жүргізіліп жатқан соңғы зерттеулер бойынша ген адамның мінез-құлқына әсер етеді, мінез-құлқы генге әсерін тигізгені анықталған. Оның қорытындысы бойынша генетикалық әсерге қарағанда, қоршаған ортаның ықпалын қайтару ауыр екенің дәлелдеген [17]. Сонда Абайдың осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтып кеткені әлі өзектілігін жоймаған.

Фараби «Адамның қайырымдылық жасауы бұл - бірінші кемелденуі» деп, кемелденудің өзінің кезеңдерін көрсеткен. Абайда оның ойын жалғастырғандай «Толық адам» болып бірден қалыптаспайтынына назар аударған. Абайтанушы зерттеушілер оның мұрасын жүйелей келе адамның жетілу жолын үш сатыға бөлген. Жетілмеген төменгісін Абай «жарым адам» десе, материалдық жетілуді «адам» деп, ал ең жоғарғы рухани жетілу «Толық адам» деп атап, олардың өзін түрлі деңгейге бөлген [18]. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы сол кездегі саяси көзқарастары оянып келе жатқан қазақ қоғамына өзекті мәселе болды. Саяси оқиғаларға толы ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының Абай өлеңдері, қара сөздерінен алар тәлімі жоғары болды. Абай қара сөздерінде адамдықтың биік деңгейін иманмен бағалап, «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп тұжырымдаған. Оның толық адам туралы ойын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталады. «Адам болам десеңіз» жалғасын тауып, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде күрделене түскен.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – дейді данышпан Абай. Осы үш қасиет «толық адам» бойында болуы шарт. Онсыз ұрпақты биікке самғату, білімді, білікті, қайырымды етіп тәрбиелеу біржақты болып шығады. Қисық, қыңыр бала да тәрбиенің жетемсіздігінен. Қайрат әркімде-ақ бар. Бірақ ол бүлдіруге ме, әлде жасампаздыққа қызмет етуге бағытталған ба? Мәселе сонда. Абай ыстық қайрат, яғни, адамға жақсылық әкелетін қайратты тандап, қалап отыр. Ақыл да әркімде-ақ бар. Оның да қолданысы әр түрлі. Абай соның нұрлысын, адамның өзіне немесе ұрпаққа, шәкіртке, төңірегіндегілерге күн сәулесіндей шапағат шашатынын, тәлім-тәрбие беретінін, даналыққа толы ақылды қалаған. Жүрек те әр түрлі болады. Халық жек көрген адамын тасжүрек, сужүрек, жүрегі мүйіз боп кеткен қатыгез, қанішер, мейірімсіз деп сөгеді. Ал адамға нұрлы болашақ сұрайтын, келешегіне дұрыс жол нұсқайтын, ғибратты ақыл-кеңес беретін, жастардың бойына адамгершілік, имандылық дәнін себетін, рухты көтеріп, мерейді тасытатын жүректі жылы, мейірбан жүректі, деп есептейді.

Абайдың «толық адам» бейнесінің өміршеңдігіне Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашақтағы Қазақстан азаматы» – бұл жоғары дәрежелі маман, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, әлеуметтік тұрғыдан белсенді, ұтқыр, өзгерістерден қорықпайды. Оның ақылы ең күрделі міндеттерді шешу үшін ұшталуы қажет» деген сөзі дәлел. Осы мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттерден бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық, азаматтық тәрбие беру ісі өз өзектілігін жоғалтпайтын мәселелердің бірі. Қазіргі кезде қолданылып жүрген, нақты белгіленген жалғыз ғана дұрыс үлгілерге бағдарланған «өмірге даярлауға» арналған тәрбие жұмысының жүйесіне өзгеріс енгізуді ұсынады. Осындай қарама-қайшылықтарға негізделген тәрбие жүйесінің жаңартылған мазмұны «қоғам адаммен бірге оның өмір сүру деңгейі үшін жауапты, сондықтан адам өз проблемаларын басқаға таңа алмайды, жауапкершілікті өзіне алуға міндетті» [19] - деп қарастырылуда. Өйткені, адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың «әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді?», -деп сұрақ қойып, оған жауап ретінде «бұл күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн болар» [14, 2 б], - деген тұщымды жауабы өте орынды.

Шығыстың «Абада» (Адабу) институтының алғашқы өкілдерінің бірі әл-Фараби Шығыс философтары арасынан алғашқылардың бірі болып сұрақ-жауап түрінде баяндалатын трактаттар жазған автор. Қойылған сұрақтарға өзі қысқа да тұжырымды жауап береді. Бұл тәсілді Абай Құнанбаевта қолданған. Әл-Фарабидің «Философтар сауалдарына жауаптар» атты шығармасында 42 сұраққа қайтарған жауабы келтірілген. «Денелердің түсі қалай пайда болды?», «Босаң, тығыз деген ұғымдар не? Болмысы қандай және қандай категорияға жатады?», «Есте ұстау мен ақылда ұстаудың қайсысы артық?» деген сияқты сұрақтарға тұщымды, дәлелді жауаптар қайтарған.

Абай Құнанбаевтың да сауалдардан тұратын қара сөздері бар. Мысалы, қырықыншы сөзіне тоқталсақ. Абай хакім сұрақты өзі қояды да, жауабын айтуды оқушыға қалдырады. Оның сұрақтарының көбі қазақи фәлсафа, психологи мен әдеп-ғұрып, мінез-құлық төңірегіндегі келенсіздіктерді, жөнсіздіктерді әшкерелеуге арналған «Жаттың бір тәуір кісісін көрсе «жарықтық» деп жалбырай қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?» деп өте орынды, қазақи ділге тән сұрақ қоя отырып, өз оқырманын ойландырып қояды.

Атап айтсақ, А.Машановта ұлы ұстаздың тәлім – тәрбие жайлы қалдырған бай мұраларын мұқият зерттеген. Әл-Фараби ұстаздық ету туралы «Мұғалімдік – ұстаздық еткен адамның әдісі тым қатаң болмасын және тым асыра босаңсытқан да болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер өте боса тып жіберген кішіпейлділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді елемеу, оның ғылымына селқос қарау қаупі туады. Ғылымды игеру үшін үнемі сол ғылымның жолында болу қажет және ғылымнан басқамен шұғылдануды азайту керек болады. Әр нәрседен шұғылдана беруден істе тәртіпсіздік пайда болады» деп жазған. Фараби оқытуда аса қатаңдықтан да, аса жұмсақтықтың да дұрыс болмайтынын сынап, органы шектей шықпауды ұсынған. Бұл күні бүгінге дейін күшін жоймаған педагогикалық қағида. Ол ойды әр нәрсеге бөліп, әр істің басын бір шалуды ғылым игерудің дұшпаны деп дұрыс көрсеткен. Мәселен, оқып үйрену жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола деген сұраққа жауап бере отырып, ал оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастырып түсініп, тоқып алған жөн дейді. Сонда Бенжамин Блумнан неше ғасыр бұрын білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалауды қарастырған әл-Фараби. Абайда осы мәселеге өз заманына байланыстыра тоқталған. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі, білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесін керек болар деп іздемекке керек», - деп одан ары бұған қажетті шарттарды талдайды. «Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?» деп сұрақ қояды.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» деп дұрыс жол сілтейді. Әл-Фараби мен Абай ойлары ұқсас. Екеуі екі заманда, екі тарихи уақытта өмір сүрседе қоғамдағы сол мәселелерді қараған. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеніз?» - деп сұрақ қою арқылы адманың өзін үнемі жетілдіріп отыруы керектігін негіздегендей. Бүгінгі күнде өмір бойы оқу қажеттілігі туындады. Абайдың білім-ғылым жайлы өлеңдерінің, қарасөздерінің ұлттық идеясы қайтсем қазақты білім алуға, еңбекке үйір қыламын деген ой болды. Елбасы Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарының бірі ретінде - білімнің салтанат құруына ерекше назар аударған. Ал Қазақстан Республикасы білім беру мазмұның жаңарту бойынша орта білім берудің құндылықтары ретінде - «өмір бойы білім алу» құндылығын

оқушы бойына сіңіру міндеті қойылған. Әл-Фараби мен Абай өсиеттері, шығармаларының ұлттық идея тұрғысынан құндылықтары бүгінгі күнде өз өзектілігін жойған жоқ. Тарихтан сабақ ала отырып қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім мен ғылымды реформалаудың негізгі бағыттары жарияланып, Отандық білім беру алға жылжуда.

Бүгінде қаншама азаматтарымыз арнаулы, жоғарғы білім оқу орындарын бітіріп, мамандықтар бойынша жұмыс жасамайды. Дегенмен мемлекет жол картасы, тағыда әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар арқылы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасап отыр. Абай «Орын таппай баптанба..» - дегендегі орын тап деп отырғаны алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Әл-Фараби мен Абайдың ұстанымы, көзқарасы, құндылықтары бүгінгі күнде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда тарихи қажеттілік. Фараби мен Абайдың шығармаларындағы ұлттық идея жас ұрпаққа сабақ болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бурбаев Т. *Қазақ философиясы және әл-Машани*. Астана., 2006 жыл. 37 б. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 2006 жылы өткен «Ұлттық ғылыми құндылықтар және А. Әл-Машани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 2006 жыл.
2. Сағынған Н.Б. *Абай мен әл-Фарабидің үндестігі*. // *Adisteme.kz* (қазақ тілі және әдебиеті). – 08 қаңтар. - 2020. <https://adisteme.kz/abai-men-al-farabidin-undestigi.html>
3. Машанов А.Ж. *Әл-Фараби және Абай*. Алматы: «Қазақстан», 1994. - 192 б.
4. А.Шәкәрімұлының А.Машановқа жазған хаты. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 195- іс., 2-п.
5. Көбесов А. *Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда*. –Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.
6. *Табиғат Матбұғат, Великая книга природы., Маяки истины*. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 17- іс., 187-п.
7. *Әл-Фарабидің Космологиясы*. ҚРОММ 2285 қор, 1-т., 12- іс., 149-п.
8. *Абай. Қара сөздері*. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
9. Әбдәзұлы Қ. *Қазақ прозасы және ұлттық идея: Оқу құралы / жауапты ред. З.Қабдолов*. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 242 б.
10. «Мәңгілік Ел». *Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі*. – Астана қ., 2016.- 26 сәуір.
11. *Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города*. // *Философские трактаты*. –Алма-Ата, 1970.
12. «Мәңгілік Ел». *Учебник для вузов. М.Б.Касымбеков., С.Ж.Пралиев и др.* –Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 с.
13. *Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том*. Алматы, 1995. 211 б.
14. Тоқаев Қ-Ж. *Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан*. – 09 қаңтар. -2020. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakistan-atty-makalasy>
15. *Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым*. –Алматы: Алатау баспасы, 2007. – 224 б.
16. *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.
17. *Мұғалімге арналған нұсқаулық. Тиімді оқыту*. - Астана: НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 200 б.
18. *Болатбекқызы А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі / Айгерим Болатбекқызы. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2015. — № 8.1 (88.1). — С. 53-55. — URL: <https://moluch.ru/archive/88/17589/> (дата обращения: 18.04.2020).*
19. *Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына арналған нұсқаулық*. – Астана: НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 40 б.